

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Жумашева Толкын Сабитовнаның 6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

### **РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПКРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіті күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ( Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы), ҚР «Білімді ұлт» сапалы білім беру" ұлттық жобасында (2021) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету сапалы кадрлар даярлау және қайта даярлау міндеті қойылған. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделінде (2021) мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерге қойылатын талаптардың бірі шығармашыл, бастамашыл және көшбасыш болу қажеттілігі көрсетілген. Сондықтан бұл мәселені ғылыми зерттеу барысында негізге алатын заңдық құжаттарға, мемлекеттік бағдарламалар талаптарына сәйкес және болашақ тәрбиеші мамандарды даярлаудың ерекшеліктері, олардың кәсіби дағылары мен имиджі т.б. қатысты сапаларының зерттелуі де заңды. Осыған орай Жумашева Толкын Сабитовнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту» диссертация тақырыбы қоғамның</p>

			сұранысынан, заман талабынан туындаған дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек. Оны диссертацияның мазмұны да дәлелдейді.
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырыла тын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зертеулер» басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012–Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша ұсынылған.</p>	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/қоспайды</u> ? Ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық және практикалық нәтижелері мектепке дейінгі білім беру саласына маман даярлау мәселесін шешуде елеулі үлес қосып, бүгінгі күндегі маңыздылығын нақтылай түседі.

			<p><i>Біріншіден</i>, лидерлік феномені, стильдері мен типологиясының қалыптасуы мен дамуына теориялық талдау жасап, негізгі теорияларды сұрыптаپ авторлық тұжырымдар берумен үлесін қосады және маңыздылығын нақтытай түседі.</p> <p><i>Екіншіден</i>, «Кәсіби лидерлік әлеуеті» ұғымының мәні, құрылымы, қызметінің анықталалуы елеулі үлес қосады, зерттеу жұмысының маңыздылығын ашады. <i>Үшіншіден</i>, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға ықпал ететін факторларының айқындалуы, осы мәселенің педагогикалық-психологиялық аспекті бойынша зерделенуі, болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға бағытталған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің лидерлік әлеуеттін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін» ұсынуы – зерттеушінің ғылымға қосылған елеуі үлесі. Себебі, зерттеу нәтижесінде пайымдалған теориялық тұжырымдар, тұғырлар мен ұстанымдар, қорытындылдар мен ұсыныстарды мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер мен педагогтар, ғылыми қызметкерлерге ЖОО-да ғылымдар интеграциясы аясында: әлеуметтік, гуманитарлық ғылымға өз үлесін қосады және маңыздылығын көрсетеді.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p> <p>Зерттеуші диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін толықтай ұсынған. Барлық талданған мәліметтер түсінікті, авторлық стильмен ерекшеленеді және зерттеудің</p>

			логикалық бірізділігінің сақталғандығы, алынған нәтижелерінің мағыналығы жұмыстың жазу деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	Диссертацияның өзектілігінің негізdemесі мемлекеттік, ғылыми және тәжірибелік сұраныстарды талдау негізінде айқындалып көрсетілген. Сонымен қатар, нормативтік құжаттарда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту қажеттілігі мен тәжірибеде жеткіліксіздігі және теориялық -әдіснамалық зерттелу деңгейінің төмендігі арасындағы қарама-қайшылықты жою мәселесі тәрбиешілерге сұраныстың дәлелденіп негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындейды 1) <u>айқындейды</u> ; 2) жартылай айқындейды 3) айқындаамайды	Диссертациялық тақырып өте көкейкесті және зерттелу аясы кең кәсіби мамандарды даярлау мәселесін зерттеуді толық айқындейды. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырыпты жан-жақты айқындауға мүмкіндік береді. Жұмыстың ғылыми аппараты логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теориялық-эмпирикалық бірлігін айқындейды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толықтай сәйкес келеді: олардың қисынды байланысы бар, нақты мақсаттан келелі міндеттер туындаған деуге негіз бар. Диссертант зерттеудің болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперименттен өткізу сияқты мақсатына ұтымды қойылған және төрт міндет арқылы қол жеткізген.

		<p>Зерттеу жұмысының 1-ші бөлімінде «лидерлік феноменнің қалыптасу мен дамуын зерттеу, талдау негізінде «кәсіби лидерлік әлеует» үғымының мәні, құрылымы, түрлерінің, оларға сипаттама берілуі және қызметінің анықталуы диссертацияның 1 -ші, 2 -ші міндеттеріне сәйкес екендігі байқалады. Әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдары, құралдары жүйеленіп, болашақ тәрбиешінің педагогикалық дағдылары мен имиджін лидердік әлеуеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, мотивациялық, іс-әрекеттік, танымдық, рефлексивті компоненттер, өлшем мен көрсеткіштердің бірлігінен тұратын модельдің ұсынынуы 3-ші міндеттің зерттеу тақырыбына сәйкес келетінін дәлелдейді. Зерттеу жұмысының тәжірибелік эксперимент жұмысының нәтижесі болашақ мектепке дейінгі үйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту әдістемесінің мазмұнының ашылуы 4-міндетке толық сәйкес келетіндігін көрсетеді. Демек, Т.С.Жумашеваның диссертациясының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан 1) <u>толық байланысқан</u> 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияда құрылымдық және мазмұндық бөліктерінің өзара байланысы мен бірлігі сақталған. Зерттеу жұмысында зерттеу нәтижелерінің ішкі бірлігі кіріспедегі ғылыми аппаратында, үш бөлім бойынша тұжырымдарында көрінеді. Зерттеу материалдарында құрылымдық тұтастық, логикалық бірізділік сақталып, толық байланысқан.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертация зерттеудің өз мақсат-міндеттеріне сай орындалған, сынни талдаулары бар. Өйткені, зерттеу жұмысында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі лидерлік мәселесінің теорияларынажәне бүгінгі ЖОО-да болашақ мамандардың лидерлік әлеуетін қалыптастырудың дәстүрлі оқытудағы тәжірибелерге сынни тұрғыда талдаулар жасалынған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</li> <li>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деуге негіз бар.. Себебі жұмыстың бірінші жаңалығы – «лидерлік», «лидерлік феноменнің» даму кезеңдерін, «әлеует» ұғымдарының талдануы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалуы жаңа;</p> <p>Екінші жаңалығы «кәсіби лидерлік әлеует» ұғымының сипатамасы мен факторы негізінде мәні, құрылымының тізбегі, төрт бағыттағы қызметі анықталуы ғылыми нәтиженің жаңа екенін дәлелдейді</p> <p>Келесі жаңалық - мотивациялық, іс-әрекеттік, танымдық, рефлексивті компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері қамтылған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды; Зерттеу жұмысының</p>

		<p>төртінші жаңалығы – үш бағыттан және 12 секциядан тұратын «Лидер» клубының жұмыс бағдарламасының дайындалуы және оның әдістемесі жасалуы және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілуінің өзі нәтиженің жаңа екендігін растайды</p>
	<p>5.2 диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама? 1) <u>толығымен жана</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу бойынша және 7 қорытынды толығымен жаңа деп санаймын. <i>Bірінші қорытынды</i>, лидерлік феномені қофам өзгерістері мен талабына сәйкес әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайлардың әсерінен өзгерістерге ұшырап, жетіліп, дамып отыратын құбылыс екені анықталды. Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту теориялық-әдіснамалық негізделіп, талдау жасалды, тұғырлары мен ұстанымдары анықталды.</p> <p><i>Екінші қорытынды</i>, кәсіби лидерлік әлеует ұғымының мәні, құрылымы, қызметі анықталып, анықтамалар мен тұжырымдар жүйеге келтіріліп, жан-жақты талданып, анықтама берілген. Олардың бір-бірімен өзара байланысы көрсетіліп, зерттеу жұмысымыздың пәніне байланысты нақтыланған. <i>Үшінші қорытынды ретінде</i>, педагогика және психология ғылымында кәсіби лидерлік әлеуетті дамытудың жолдары, құралы, құрамдас бөлігі жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінің мәдени-әлеуметтік, дамытушы ортасы анықталды, педагогикалық дағды, педагогикалық имидж мәселелері ауқымды сипатталып, болашақ</p>

тәрбиешілердің сыртқы және ішкі әлеуетінің дамуына ықпал етуші факторлардың маңыздылығы айқындалды. *Төртінші қорытынды*, болашақ тәрбиешілердің ішкі қажеттіліктердің, мүмкіндіктердің, құндылық қатынастардың, құзыреттіліктердің, жауапкершіліктің, қарым-қатынас белсенділігінің интеграциясының жоғары деңгейіне қол жеткізуге ықпал ететін құрылым, қызметтер, құралдар жиынтығын көрсететін жекетұлғаның сапалық сипаттамасы анықталды.

*Бесінші қорытынды*, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің «Еңбек тәртіп» және лауазымдық қызмет нұсқаулығы болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың өзектілігін айқындауға және зерттеу жұмысын жазу барысында басшылыққа алынып, талаптарына сәйкес жетілдірудің стратегиялық бағдарларын ашуға мүмкіндік берді. *Алтынышы қорытынды*, болашақ мектепке дейінгі ұйымы тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетінің дамыту моделі тұжырымдамалық мақсаттық блок: танымды, мотивациялық, рефлексиялық компоненттері мен көрсеткіштері, өлшемдерінен, когнетивтік, іс-әрекеттік, тұлғалық, мотивациялық, орта тұғырлары мен ұстанымдарын және мазмұндық әдістемелік блок элективті курс бағдарламасы, лекциялар жинағы, нұсқаулық және «Лидер» клубының жаңартылған бағдарламасын қурайды.

			<p><i>Жетінші қорытынды, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға арналған әдістемелік кешені лидерлікке бағдарлау, кәсіби лидерлік әлеуетті анықтау, мотивациялау, өзін-өзі басқаруға, дамытуға жігерлендіру ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде іс-шараларды ұйымдастыру, сабакта және сабактан тыс жағдайда тиімді әдістері арқылы жүзеге асырылған. Тұжырымдардың сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста расталған. Диссиденттың жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс.</i></p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>		<p>Автордың ұсынған студенттік клубтың 12 бағыты негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Клубтың оқырмандар, арт, музика терапия, әлеуметтік маркетинг, туризм, спорт т.б. секциялар бойынша жұмыстарды ұйымдастыру техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеріне негізделе отырып ұйымдастырылған деген қортынды жасауымызға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы барысында тұжырымдар және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жариялымдарымен расталынаады.</p>
6	Негізгі қортындылардың негізділігі	Барлық қортындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізд</u>	Диссертациялық зерттеудің қортындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация

		елмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды дәлелдемелерде, тәжірибелік –эксперименттік жұмыс нәтижелері сандық, сапалы талдаудың үйлесімділігімен ғылыми негізделген және математикалық-статисткалық талдаулар арқылы нақтылығы көрсетілген. «Лидер» клубының құрылуы және бағдарламассының дайындалуы, түрлі инновациялық әдс-тәсілдер кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u> 2) шамамен дәлелденді 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u> 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>1) тар 2) орташа 3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u> 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда қағидалар толығымен дәлелденген. Өйткені, ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеудің мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік нәтижесі.</p> <p>Жұмыс тривиалды емес, бұл нақты нәтижелер көрсетілгендігі дәлелденеді.</p> <p>Қағидат жаңа, себебі, төрт міндет бойынша да алынған жаңалықтардың қорғауға ұсынылатын қағидалары арқылы көрініс беруі, қорытынды ұсыныстар жасауға негіз ретінде дәлелденді.</p> <p>Жұмыстың қолдану деңгейі кен. Өйткені, тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне, балаларды, сауықтыру орталықтарындағы тәрбиешілерге, әлеуметтік педагогтар мен ғылыми ортада осы мәселені зерттеуге ықыласты бірнеше сала мен ғылымның аясындағы мамандар, оқытушылар және ЖОО әлеуметтік, білім беру бағытында білім алушы</p>

			<p>болашақ мамандар қолдануға болады.</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі идеялары, қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы диссертанттың халықаралық, республикалық, ғылыми практикалық конференциялар мен түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 16 еңбекте қамтылған. Оның ішінде ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің басылымдарда – 4, скопус компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда – 1, халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында – 9 басылым көрген. Диссертацияда өз мақалаларына сілтеме берілген. Себебі, мақалада қағидалар дәлелді пайымдалған.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әімнама нақты жазылған 1) <u>иа</u> 2) жоқ	Диссертацияның 1.3 бөлімінде болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін зерделеуге қатысты әдіснамалық түрғылар (жеке тұлғалық, мотивациялық, іс-әрекеттік, когнитивтік, орта) мен ұстанымдар тиімді іріктеліп, ғылыми негізделіп, өзіндік жүйеленген. Бұл зерттеу жұмысының әдіснамасы жақсы қарастырылған деп айтуда негіз болады.
		8.2 диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен	Диссертацияның эксперименттік жұмысы бойынша құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін анықтау барысында компьютерлік технологияларды қолданғандығы «SPSS 21» бағдарламасы арқылы нәтижелер өндөлген. Тағы бір ерекшелігі болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға елеулі ықпал еткен «Moodle»

	<p>деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иј</u></li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>әлемдегі ең танымал оқытуды басқару жүйесіндегі геймификация технологиясы пайдаланған.</p> <p>Геймификация – қазір бүкіл әлемде кеңінен танымал болып отыр. Қазір мұндай заманауи тенденцияны адам қызметінің әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беруде байқауға болады.</p> <p>Геймификация технологиясын әртүрлі оқу орындарында қолдану тиімді. Бұгінде геймификацианы мектепке дейінгі ұйымдаған емес, жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде, университеттерде қолдану өзекті мәселе. Зерттуші геймификацияның көптеген артықшылықтарын дұрыс пайдалана білген. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында педагогика және психология ғылымындағы классикалық зерттеу әдістері, статистикалық өндөулер, корреляциялық талдаулар жетік пайдаланғанын көруге болады.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иј</u></li> </ol>	<p>Диссертанттың «Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетіндамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін» ұсынуымен зерттеу жұмысының теориялық ұтымдылығы айқындалады.</p> <p>Модельдің құрылымдық жүйесінің бөлімдері қысынды, сабактастық сақталған, ақырғы нәтижеге әкеледі. Оның тиімділігі тәжірибелік экспериментте дәлелденген</p>

		2) жок	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған/ішінара</u> расталған/расталм аған	Диссертацияда өте ауқымды зерттеу жұмысы жүргізілгендігі, алғыс және жақын шетелдік әдебиеттерді кеңінен қолданылуы арқылы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете туседі. Тақырыптың жан-жақты ашылуына қатысты маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге сілтемелермен расталады.
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткілі ксіз	Зерттеу жұмысында пайдаланған әдебиеттерінің саны – 331. Қолданылған әдебиеттер зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес: мемлекеттің тақырыпқа қатысты зандары, қаулысы, стандарты, стратегиялық бағдарламаларымен бірге, ғылыми еңбектер, т.б. жеткілікті деп айтуға тұрады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар 1) <u>ия</u> 2) жок	Диссертация теориялық тұрғыдан маңызды зерттеу жұмысы деп айтуға негіз бар. Зерттеудің теориялық маңызы: болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық әдіснамалық негіздері айқындалуымен; лидер, лидерлік, әлеует, кәсіби лидерлік әлеует - ұғымдарының мәні және мазмұны нақтылануымен; болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің ұсынылуымен құнды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді	Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы эмпирикалық зерттеуден алынған нәтижені талдау арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту

	<p>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</p> <p>1) <u>иа</u> 2) жоқ</p>	<p>мәселесін әдістемелік тұрғыда шешуге арналған «Педагогикалық үдерісті басқарудағы лидерлік» элективті курс және «Лидер» клубының бағдарламалары жасақталған, «Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі лидерлік идеялары» әдістемелік нұсқаулығы, «Педагогикалық үдерісті басқарудағы лидерлік» атты дәрістер жинағы даярланған.</p>	
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен</u> жаңа 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Зерттеу негізінде ұсынылған практикалық ұсыныстардың толығымен жаңа және шынайы деуге болады. Себебі, зерттеу мәселесінің алғашқы рет зерттеу нысанына айналуының өзі осыны дәлелдемек.</p>	
10	<p><b>Жазу және рәсімдеу сапасы</b></p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u> 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен</p>	<p>Автордың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді, орфографиялық сөздік басшылыққа алынған.</p>

**Шешім:** Т.С.Жумашеваның 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Жумашева Толқын Сәбитовнаның 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану  
кафедрасының профессоры



С.Н. Жиенбаева